

## **"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 қыркүйек N 837. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.04. N 1081 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, агроөнеркәсіптік кешен экономикасын тұрақтандыру, жекешелендіруді кең ауқымда қамтуға барынша қолайлы жағдай жасау және ауыл шаруашылығына материалдық-техникалық қызмет көрсету процесін мемлекеттік реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Агроөнеркәсіптік кешенді материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі Қазақ Республикалық бірлестігінің (бұдан әрі "Қазагроөнеркәсіптехникасы" РБ) кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде қосымшаға сәйкес "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.
2. Компания "Қазагроөнеркәсіптехникасы" РБ-нің мүліктік құқы мен міндетінің заңды мұрагері болып белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға белгіленген заңға сәйкес Компания құрамына кіретін, бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.
4. "Қазагроөнеркәсіптехникасы" РБ-і жүйесінің облыстық өндірістік бірлестіктері негізінде аумақтық мемлекеттік акционерлік компаниялар құрылсын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне аумақтық мемлекеттік акционерлік компаниялардың тиісті акциялар пакетін "Кең дала" компаниясына беру тапсырылсын.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993-1995 жылдарға арналған (II-кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына

кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендірген жағдайда құрылатын акционерлік қоғамдарды, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакетін басқа, мемлекеттік акциялар пакетін Компанияға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берсін.

6. Компанияға мынадай қызметтерді орындау:

халық шаруашылығының барлық саласын ауыл шаруашылық машиналарымен, автотрактор техникаларымен және оларды қосалқы бөлшектермен жабдықтау;

шартты негізде кәсіпорындарға, ұйымдарға, халыққа өндірістік, сауда-делдалдық және коммерциялық істе қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге өндірістік-техникалық қызмет көрсету, материалдық-техникалық және шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік

бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыру жүктелсін.

7. "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз Жарғысы негізінде іс әрекет етеді және республикалық агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 7 қыркүйектегі  
N 837 қаулысына  
Қосымша

<\*>

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік  
компаниясының кәсіпорындары мен ұйымдарының  
Тізбесі

-----!-----

Атауы

! Меншік нысаны

-----!-----

Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі

Республикалық база

мемлекеттік

Республикалық комплектілеу базасы	мемлекеттік
"Қайнар" өндірістік бірлестігі, Талдықорған қаласы	мемлекеттік
Бас есептеу орталығы	мемлекеттік
Алматы құрылыс-монтаж басқармасы	мемлекеттік
Республикалық оқу орталығы	мемлекеттік
Қазақ республикалық "Қазагроөнеркәсіпэнерго" ведомствоаралық концерні	мемлекеттік
Мамандандырылған автокөлік кәсіпорны	мемлекеттік
"Қайнар" коммерциялық банкі	мемлекеттік
"Айдос" қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны	мемлекеттік
"Агржөнэнергоналадқа" шаруашылықаралық өндірістік бірлестігі	мемлекеттік
Қазақ "Қазанқызметкөрсету" мамандандырылған басқармасы	мемлекеттік
"Қазагроөнеркәсіпжылуэнергия" агроөнеркәсіп корпорациясы	мемлекеттік
Жамбыл тәжірибе-механикалық заводы	мемлекеттік
"Ордабасы" сауда үйі, Шымкент қаласы	мемлекеттік
Қазақпаратagroөнеркәсіп	мемлекеттік

Ескерту. Тізімнен "Қазақстан" сыртқы экономикалық ассоциациясы алынып тасталған - ҚРМК-нің 13.06.1994 ж. N 624 қаулысымен.